

# Ауданының даму бағыты – тұрақты өрлеу жолында



Лаура МҰХАМЕТҚАЛИ, Суреттерді түсірген: Мира МУРАТАЛИЕВА, «Қарқара» газеті.



Облыста өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын жүйелі түрде талқылап, өзекті мәселелерін шешу бағытында нақты шаралар қабылдау – басты назарда. Осы мақсатта Кеген ауылында Алматы облысы әкімінің орынбасары Ғ.А.Майлыбаевтың төрағалығымен Кеген ауданының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне арналған кеңес өтті. Жиында ауданның бүгінгі тыныс-тіршілігі, жүзеге асып жатқан жобалар мен алдағы міндеттер жан-жақты қарастырылды.

Кеңес барысында Кеген ауданының дамуына бағытталған жұмыстардың орындалу барысы сараланып, өңірдің әлеуметтік, экономикалық және инфрақұрылымдық мәселелері кеңінен талқыланды. Басқосуға аудан басшылығы, салалық мекеме жетекшілері мен жауапты мамандар қатысып, ауданның алдағы даму жоспарлары мен шешімін күткен өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты.

Ата Заң тек бүгінгі күннің емес, келешек ұрпақтың да мүддесін қорғауға қызмет етпек.

Әдеби, мәдени іс-шаралардан бөлек, мұндай ұдайы уақытпен үндескен қоғамдық өзгерістерге қатысты ой-пікірлер талқысына үнемі есік ашық, -деген кітапханашылардың ел болашағын айқындайтын маңызды құжат төңірегінде пікірлерін білген едік. Мемлекет тағдыры, ұлттың ертеңі туралы болып жатқан әңгімеден кітапханашылар сырт қалмайтынын аңғартты.

Аудандық кітапхананың абонент бөлімінің меңгерушісі Жібек Молдасанова Ата Заңның тарихи маңызына тоқталып, бұл жолғы ерекшеліктерді атап өтті.

-Конституциямыздың ана тілімізде жазылуы- үлкен рухани жеңіс. Әр азаматтың пікірі ескеріліп, ұсынысы қабылдануы-шынайы демократиялық үдерістің көрінісі,- деді ол.

Оның айтуынша, жаңартылған Ата Заң тек құқықтық нормалардың жиынтығы емес, елдің болашақ даму бағытын айқындайтын стратегиялық құжат. Сондықтан оны талқылауға қоғамның барлық өкілі белсенді қатысуы қажет. Әсіресе, егемендік пен тәуелсіздікті қорғау мәселесі-басты назарда.

Кеген аудандық кітапханасының библиографы Жаңылай Нұрлатқызы Конституциядағы бұл өзгерістер адам құқықтары мен бостандықтары туралы өз ойын

Жиын барысында алғашқы болып сөз алған аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар мен жоспарланған жобалар жөнінде баяндама жасады. Аудан әкімі өз сөзінде өңірде жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар, инфрақұрылымды дамыту және халықтың тұрмыс сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстардың маңыздылығына тоқталды.

Келесі кезекте аудан әкімінің орынбасары Мұхтар Батырханұлы ауданды дамытудың кешенді жоспары, инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысы және олардың тиімділігі жөнінде баяндады. Оныңайтуынша, Кеген ауданында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы экономиканы дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға ерекше көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, инвесторлармен бірлесе отырып, бірқатар маңызды жобаларды іске асыру кезделіп отыр.

Ал аудан әкімінің орынбасары Медет Ғимараттарын салу жоспарланып Исаев аудандағы құрылыс саласы, отыр.

Жол инфрақұрылымы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, елді мекендерді абаттандыру және ауыз су мәселелері бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Оның айтуынша, халықтың өмір сапасын жақсарту үшін инфрақұрылымдық жобаларды жүйелі түрде жүзеге асыру басты міндеттердің бірі болып табылады.

Сондай-ақ білім беру саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар туралы тиісті сала басшысы Мұратжан Мәсімханов баяндама жасап, білім сапасын арттыру, оқушыларға қосымша білім беру мүмкіндіктерін кеңейту және білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

Кеңес барысында Кеген ауданының инфрақұрылымын дамытуға қатысты бірқатар маңызды мәселелер көтерілді. Атап айтқанда, елді мекендерді газдандыру, жол жөндеу, су жүйелерін жаңғырту, табиғи апаттардың алдын алу мақсатындағы гидротехникалық жұмыстарды жүргізу қажеттігі айтылды. Сонымен қатар бірқатар ауылдарда әлеуметтік нысандар салу мәселесі де күн тәртібінен түскен жоқ. Атап айтқанда, Кеген, Жылысай, Түменбай, Жалаулы және Тоғызбұлақ ауылдарында жобалық- сметалық құжаттамалар әзірленіп, алдағы уақытта тиісті қаржыландыру мәселесін қарастыру қажеттігі атап өтілді. Бұдан бөлек, Шырғанақ, Тұйық және Кеген ауылдарында жаңа кітапхана

ғимараттарын салу жоспарланып отыр.

Жол инфрақұрылымын дамыту бағытында республикалық маңызы бар «Көкпек – Кеген – Түп» автожолының 53-68 шақырым аралығына қатысты жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленіп жатқаны айтылып, бұл жобаны жедел жүзеге асыру жолдары қарастырылатыны атап өтілді.

Сондай-ақ Саты ауылында қар және жаңбыр суларына арналған дренажды канал қазу, Қарқара ауылында өзен жағалауын нығайту және тереңдету, Бөлексаз ауылында еріген қар суын өткізу арналары мен Алғабас ауылындағы Шелек өзенінің жағалауын бекіту жұмыстарын жүргізу мәселелері де көтерілді.

Кеңес қорытындысында Алматы облысы әкімінің орынбасары Ғ.А.Майлыбаев қаралған мәселелердің барлығы бақылауда екенін атап өтті. Сонымен қатар инвестициялық жобаларды қолдау, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ халықтың өмір сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жандандыру қажеттігі айтылды.

Жиын соңында барлық көтерілген мәселелер хаттамаға енгізіліп, тиісті тапсырмалар берілді.

Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде Кеген ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы жаңа деңгейге көтеріліп, аудан тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты қадамдар жүзеге асырыла бермек.

## Халық үні – Ата Заңда



білдірді.

-Кітапхана қызметкері ретінде, алдағы Конституциялық референдумды еліміздің құқықтық дамуы мен қоғамдық сананы жаңғырту жолындағы маңызды қадам деп есептеймін. Бұл - әрбір азаматтың мемлекет тағдырына бейжай қарамай, өзінің конституциялық құқығын пайдалануына берілген тарихи мүмкіндік. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1-бабының 1-тармағында Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны айқын көрсетілген. Бұл қағида- еліміздің стратегиялық бағыты мен құндылықтарының негізі. Ал Конституциялық референдум осы қағидаттарды одан әрі нығайтуға бағытталған маңызды құрал деп санаймын. Сонымен қатар, Конституцияның 12-бабында адам құқықтары

мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті

деп танылатыны көрсетілген. Референдум арқылы енгізілетін өзгерістер азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруге және заң үстемдігін күшейтуге ықпал етеді деп сенемін. Кітапхана - қоғамның зияткерлік орталығы. Біз күн сайын оқырмандарға тек көркем әдебиет емес, құқықтық, тарихи, танымдық еңбектерді ұсынып, олардың азаматтық көзқарасының қалыптасуына үлес қосамыз. Конституцияның мазмұнын түсіндіру, оның маңызын насихаттау - біздің де рухани жауапкершілігіміз,- деді ол.

Кітапхананың әдіскері Мағия Мырзахметова да өз ойын ортаға салды. Ата Заңның ағартушылық маңызына тоқталған ол азаматтардың құқықтық мәдениетін арттырып, қоғамның саяси белсенділігін күшейгенін атап өтті.

Ата Заң-тек биліктің құжаты емес, бүкіл халықтың ортақ келісімі. Ал оны талқылау- азаматтық сананың көрінісі.

Кітапханада ертеңіне деген жауапкершіліктің үні де естіліп тұрғандай болды. Өйткені, Конституция- қағаздағы мәтін ғана емес, ол-ұлттың жүрегіндегі сенім.

Дәурен ЕРМЕКБАЙ.